


КЫРГЫЗ ТИЛИ ЖАНА АДАБИЯТЫ:

ОКУТУУНУН ИННОВАЦИЯЛЫК
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ИЛИМИЙ - МЕТОДИКАЛЫК ЖУРНАЛ



Алматы Менеджмент Университети
Магистр, аға оқытушы Ереултанова Гаухар Тілеуқабылқызы
Магистр, аға оқытушы Сейдуллаева Айгуль Хайруллаевна

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

«Қазақ тіл біліміне аударма мәселесі біршама сыни сараптамалардан, бірқатар тәжірибе сатыларынан өткен тақырып. Жетістігі жоқ емес. Десе к те, тақырыптың әлі күнге дейін жабулы жатқан қырсырларын ашуға зерделі зерттеулер қажет-ақ. Себебі, аударма туынды – ұлт пен ұлтты, ел мен елді тілдестіріп, табыстырар, оқырманды поэзия деген киелі кемесіне отырғызып алып, бөгде бір елдің жағасына алып кетіп, кереметіне кенелтер бірден-бір сикырлы көлік. Алайда ентелеп келе жатқан жаһандану жағдайында, ел мен елдің, ұлт пен ұлттың бұрынғыдан да бетер етене кіріге түсер уақытында қарым-қатынас құралы – тіл мәселесіне аса сақтықпен қарау қажеттігі сөзсіз» [1, 38б.].

Өзімізге мәлім, Абайдың қырық бес қара сөздері, үш жүзден аса аудармасы бар, бірақ ақынның өлеңдерінің нақты саны жоқ. Қазіргі таңда Абай шығармалары отыз үш тілден аса тілге аударылған [2,455б.].

Абай өлеңдері көптеген тілдерге аударылса да, әлі аудармалардың қалай аударылғаны туралы мәліметтер өте аз. Олар түпнұсқамен қаншалықты жанасатыны зерттеуді қажет етеді. А. Байтұрсынов «Абай – қазақтың бас ақыны» деп көрсеткен болатын. Бас ақынымыздың өлеңдері мен шығармалары көптеген шетел тілдеріне аударылатын болғандықтан ол арқылы ұлтымыздың мәдениеті мен қазақ халқының өзіндік ерекшеліктерін бүкіл әлемге көрсете аламыз.

«Қай тұрғыдан болса да, Абай тілін және оның поэзиясын өз алдына сөз ету оның туындыларын талдаумен қатар жүріп келеді. Әрине бір мезгілде қатар емес. Ең алдымен, ақын шығармаларының идеясын, мазмұнын танып, білуге күш салынды, сол мазмұнның сыртқы көрінісі – тіліне үңілу содан кейін басталады. Абай шығармашылығы хақында алғашқы пікір айту – ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында басталған болса, тілі жайында да алғаш рет сөз қозғау осы тұстарға саяды [3]. Соның ішінде Абай поэзиясына нәр беріп тұратынның бірі көріктеу құралдарын Қ. Жұмалиев, З. Ахметов, З. Қабдолов және тағы басқаларынан көруге болады. Қ. Жұмалиев өз еңбегінде Абай поэзиясының тілін зерттеген сонымен қатар, ол көріктеу құралдарының тәсілдерін қолдануына назар аударған.

Абай өлеңдері көріктеу құралдарын өте ұтымды, өте әсерлі қолданған, соның ішінде лексикалық стилистикалық әдіс-тәсілдерді ерекше қолданған. Эпитет, метафора, тенеу секілді лексикалық әдіс-тәсілдердің қалай қолданғанына талдау жасайық: Сөздің тура, өз мағынасында емес, ауыспалы,

өзге мәнде жұмсалыуы метафора, яғни метафора кезінде сөздің ішкі не сыртқы ұқсастық белгілері негізге алынады. Бұл Абай өлеңдерінде метафора бір бейне тең секілді сөздер арқылы жасалынған. Мысалы:

Қайғың болар шермен тең,
Қара көңілім жермен тең,
Сенсіз маған жат төсек,
Болар бейне қормен тең.[4.176].

The sadness about you will turn to grief,
My soul will be brought crashing down to earth,
Another's bed without you,
Will become my grave.[5.28p].

Бұл жерде біз тек метафора ғана емес, сонымен қатар эцифора үлгісі ретінде қарасақта нұскасын әлдеқайда өзгеше, яғни, аудармашы жалпы мағынасын көрсеткен.

Анамыздай жер иіп емізгенде
Бейне әкендей үстіңнен аспан төнер.[4.146].

When mother – earth fed us from her breast,
Our father in heaven thoughtfully inclined over us. [5.26p].

Материнскою грудью векормила земля.
Все, что солнцем зачал в ней отец небосклон. [6.18с].

Көріп отырғанмыздай, бұл өлеңде тенеубарежелден бірталай халықтарға белгілі ескі аңыз – мифтерде, кездесетін бейнелеу үлгісімен ұштасалды. Бұл сөйлемдердің қай-қайсысында болмасын аудармашы қазақ мәтінді сол калпында сақтап қалуға тырысады. Ағылшын тілінде қолданылып отырған сөздер, баламалар қазақ тілінің көптік категориясын толығымен дерлік жеткізе алмады дегенмен де, олардан сөйлемдегі алар өзіндік салмағы бар. Сонымен қатар, белгілі бір ұғым әр түрлі тілде әр түрлі тәсілмен беріле беретінді, олардың әр түрлі тәсілмен беріле беретіндігі, олардың әр тілге тән өзіндік ерекшелігі, алар орны бар екендігі белгілі жайт. Ал ағылшын тіліндегі аудармаға қарасақ, біраз өзгерістер бар. Өйткені бұл аударманы тікелей қазақ тілінен аударылмай, орысша аудармасынан аударған секілді.

Олсем, орным қара жер сыз болмай ма?
Откір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат, гадауат пен майдандасқан
Қайран менің жұртым мұз болмай ма? [4.276].

When I die, will not the damp earth,
Become my resting place.
My sharp tongue will become with shame,
like girls.
My poor heart, love and anger fought.
Will it not, poor thing, be turned into an ice block? [5.25p].

Канда умру, не стану ль я землей?
Язык мой дерзкий – девушкой немой?
Бездушным льдом – пылающее сердце.
Что за любовь боролось с жизнью злой?[6.27с].

Бул жерде акын философиялык тұжырымдарының айнасы, сол айнаны тіл құрылымымен көрсетуде теңеулерді пайдаланған және бұл колданыстың ерекшелігі – теңеуді, әдеттегі тілдік амалындай жұрнақты немесе секілді (сияқты, тәрізді) сөздерін көп колданбауы, ол теңеуді көбінесе тұжырым, констанция арқылы беретіндігі. Ал ағылшын тіліндегі аудармасында аудармашы барынша өлеңнің мағынасын ашуға тырысқан. Аудармашы күрделі теңеу емес, әдеттегі жұрнақты (like, as) теңеулер секілді колданған осы өлеңде өткір тілмен ұялшақ қыз бейнесін шендестіру әдісімен бір-біріне карама-қайшы алуы өте әсерлі. Орыс тіліндегі аудармада «язык мой дерзкий» деп оны «девушкой немой» деп келтіреді осыдан барып ағылшын тіліне «менің ащы тілім ұялғаннан қыздың кейпіне енеді» деп орыс тілі арқылы аударғандықтан өзгеріске ұшырайды. Негізінде өлеңнің мағынасы күрделі өзгеріске ұшырамаған. Дегенменде түпнұсқа арқылы аударылса сәттірек шығар ма еді?

Күшік асыран ит еттім,
Ол балтырымды канатты.
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды мені атты.[4.18б].

I brought him up from a puppy to a dog,
he bit me on the leg.
I taught someone how to shoot,
and he cunningly shot me down. [5.20p].

Собаку я вскормил из щенка
И зубу ее испытал
Меткости я обучил стрелка.
И сам мишенью стал[6.27с].

Көріп отырганымыздай, акын бұл жерде ауыстыру немесе метонимия колданган. ол іс-эрекетті жауыздыкка ұласкан «жалмауыз қанішер» жанды суреттейді. Ағылшын тілінде де аудармашы өлеңді сөзбе-сөз, дәлме-дәл жеткізуге тырысқан. Бұл аудармада шеберлік көрініп тұр. Орыс тіліндегі сөзбе-сөз аударма болса да, керемет метонимия келтірілген. Ағылшын тілінде сөзбе-сөз аударма бірақ ұйқас жоғалған, және ырғақ та-кішкенен ауытқыған.

Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып.

Everyone will bring upon evilly growing dog,
so that in time,
They will set it upon one who's soul is Radiant [5.20p].

«Заманың түлкі болса, тазы бол шал» деген ақыл-өсиетті ескеріп жүргендерді байлардың балағына жармасар, итке теңейді Абай туындылары күрделі теңеулерді колданған. Бірақ ағылшын тіліндегі аудармасында жалпы мағынасын берген.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап,
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай мақтар күдай қарғап.

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да, бай бозманты, қанша малды ап,
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді солар дандақ.[4.20б].

They troubled the language for profit, and filled up the soul,
Pleading for crumbs sometimes with deception, sometimes
with flattery.
Begging in a distant, foreign land,
The cursed ones glorified the riches of their homeland,
They found everywhere the vain rich
but didn't get rich however much they took
The poems seemed to be futile babbling
To those who saw and heard them.[5.30].

Корыстыю заженные лезли из шкур,
Смотря на хозяев сквозь хитрый прищур,
В чужой стороне без стыда побираясь,
Свой край военеваши, мудры чере мур.

Он шел туда, где бан и где и хвастун,
Но подаяньем не менял дела
И дешевели звуки звонких струн
И жажда песни в людях все скудела [6, 30 б].

Осы өлеңде Абай байларды мысалдап айтқан көріп отырғанымыздай, бай-шонжарларды мысқылдап астына алып, ашуы – ызасы сыр еткен сияқты. Ал ағылшын тілінде өзгеріске ұшырағаны анық, өйткені екі тілдік грамматикасында айырмашылық бар. Қазақ тілі мен ағылшын тілінде көп айырмашылық бар деп атауға болады. Жазбаіша аударуда аударушыдан мол білімді, қалам қуатының күшті болуын, мазмұнды дәл бейнелеп беруді, көбірек ойланып-толғануды қажет етеді. Түпнұсқаға адал бола отырып, мазмұнды толық қамтуға, түпнұсқаның стиліне бой ұсынуға міндетті болады. Сөз-сөйлемге, грамматикаға, нақтылыққа, логикаға, емлеге баса көңіл бөлінеді. Ауызша аудармаға қарағанда сөздіктерден пайдалану, қайта-қайта қарап тексеріп шығу, өзгерту мүмкіндігі мол болады. Сонда да аудармашы сөйлем мағынасын мағыналы етіп жасаған. Оған орыс тілінен жанама аударылғаны да әсер еткен.

Сіз - жалын шок, біз- бір май,
Сіз – бір сұңқар шаһбаз [4, 14б].

You are hot coal and I'm like a butter
You are a bold proud man. [5, 20p].

Астарлау кезінде сөздің сыртқы және ішкі ұқсастық белгілері негізге алынады. Бұл жерде астарлау немесе метафора еш жалғаусыз және жұрнақсыз бір нәрсені екінші нәрсеге балату, ұқсату арқылы жасалған. Ағылшыншада бұл теңеулердің қай-қайсысында болмасын аудармашы қазақ мәтінде сол қалпында сақтап қалуға тырысады. Ағылшын тілінде қолданып отырған сөздер, баламалар қазақ тілінің көптік категориясын толығымен дерлік жеткізе алмады, дегенмен де өзіндік мағынасын ашып тұр.

Қорыта келе, бұл мақаламызда Абай поэзиясының аудармалағы стилистикалық әдіс-тәсілдердің берілу жолдарын қарастырдық яғни оларды аудармашы қалай аударғанына назар аударған болатынбыз. Нәтижесінде, Абай поэзиясының аудару барысында біраз өзгерістер болған, яғни кейбір көріктеу құралдары жай сөйлемге айналып, жалпы мағынасын ғана сақтаған. Себебі, мұндай айырмашылық екі тілдің грамматикалық категориясының, бір-біріне сай келмейтіндігі арқылы түсіндіріледі. Оның үстіне, аудармашы қазақ тілінен тікелей емес, орыс тілінен жанамадай аударғаны үшін де өзгеріске ұшыраған. Қалай дегенмен де, әр ұлттың өз ерекшеліктері болады. Бұған дәлел, атап айтсақ, американдық лингвист Б. Уорф тілдік және ұлттық

ерекшеліктерге байланысты түпнұсқаға барабар аударма жасау мүмкін емес деген пікір айтқан [7, 163б.]. Қалай дегенмен де, әр түрлі тілдік, мәдени өзгерісті бастан кешіретіндігін, сөйтіп соңғы буын өміріне ұксамайтын жаңа сипаттардың қалыпқа айналатындығын ескерсек, шығу тегі жағынан бірбіріне ұксамайтын тілдерді аудару барысында, мейлі сөзбе – сөз болсын, үнемі бара –бар аударма жасау мүмкін емес.

Жалпы аударма атаулысында екінші тіл арқылы үшінші тілге аударудан, әсіресе үш тілдің бір - бірімен туыстығы жоқ жағдайда (Абай аудармалары сияқты) сәтті шыққан шығармалар болмаса, көбіне түпнұсқа авторын жатырқап тұратын өгей туынды туады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рсалиева Н.М. Аудармадан кеткен ағат атаулар. «Жалын» журналы, 2006. №12. – Алматы: 38 б.
2. Абай энциклопедиясы – Алматы: Атамұра баспасы, 404б.
3. Нуртазин Т., Абайдың акындық шеберлігі туралы – Алматы: 1954, 386б.
4. Құнанбаев, Абай. Олендер мен аудармалары I, II том – Алматы: Жазушы, 2002 78-94 б
5. R.Seisenbaev., Abai's book of words – Almaty: EI, 1995 3 - 30 p
6. Жовтис., Абай избранные стихи. - Алма- ата: 1985, 9-95с.
7. Yorf B., Linguistics and logic. – New York 1960, 163p